ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№ 05-07/1481
от 05.04.2018г.

«Банур-1» ЖШС
050059, Шымкент қ-сы, Ынтымақ м/а,
Түркістан к-сі, 101А.

Сіздің 23.02.2018 жылғы №28 арызыңызға

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Сіздің арызыңыз бойынша, "Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" КММ-мен *(әрі қарай - Ұйымдастырушы),* ұйымдастырылған № 2283722-1 "Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан бастап Ақын Сара көшесіне дейін ұзарту барысында техникалық қадағалауды жүзеге асыру" мемлекеттік сатып алу конкурсына камералдық бақылау жүргізіп, төмендегіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 21 бабының 1 тармағына сәйкес *(әрі қарай - Заң),* мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді.

Ұйымдастырушы тарапынан мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналасқан қазақ тіліндегі конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қызметкерлерге қойылатын талаптарында көрсетілген негізгі қызметкерлердің келесі біліктілігі болуы оның ішінде:

- Жұмыстардың жетекшісі – инженер құрылысшы болуы тиіс;
- Материалдар бойынша маман – инженер құрылысшы болуы тиіс;
- Орындалған жұмыстар көлемінің сапасы және оны тексеру жөніндегі маман – инженер құрылысшы болуы, негізгі және қорғау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі екінші деңгейден төмен емес сарапшының аттестаты болуы тиіс.
- ЖСҚ-мен жұмыс жөніндегі маман – инженер құрылысшы болуы тиіс.

Алайда ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналасқан орыс тіліндегі техникалық ерекшелігіне сәйкес, жоғарыда аталып өткен қызметкерлерге қойылатын арнайы біліктілік талаптары және де аталған біліктілік талаптары толығымен көрсетілген, яғни қай саладағы

мамандар болуы тиіс екендігі көрсетілген. Сонымен қатар қазақ тіліндегі техникалық ерекшелігінде, соның ішінде қай саладағы мамандар болуы тиіс екендігі толығымен көрсетілмегендігі расталады.

Заңның 22 бабының 1 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыға жіберілуі мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер болмаған кезде конкурстық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Алайда, ұйымдастырушының техникалық ерекшелігіндегі қызметкерлерге койылатын талаптарына әлеуетті өнім берушілердің тарапынан, конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар туралы хабарландырулар болмаған.

2018 жылдың 6 наурызындағы № 2017369 алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес, конкурстық комиссия мүшелерінің алдын ала дауыс беру нәтижелері бойынша, Сіздің конкурсқа қатысуға берілген өтініміңіз келесі себептермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген *«Несоответствие технической спецификации в части обладания материальными и трудовыми ресурсами: в том числе, отсутствуют Руководитель работ-1чел., Специалист по материалам-1чел, Специалист по инженерным сетям-1чел., Специалист по технологическому оборудованию-1чел., Специалист по качеству и проверке объемов выполненных работ-1чел, Специалист по работе с ПСД-1чел, Инспектор по технике безопастности-1 чел. (с подтверждающими документами). Не представлены подтверждающие документы на курвиметр-1ед., Отсутствуют: (оперативная связь, переплетная машина). Срок действия срока аренды по договору №7 с ИП «НҰР» менее срока оказания услуг установленного конкурсной документации Отсутствует дорожно-строительная испытательная лаборатория аккредитованная таможенным союзом (с подтверждающими документами). Для проверки достоверности представленных сведений будет направлен запрос».*

Сонымен қатар Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Алайда, әлеуетті өнім беруші "Банур-1" ЖШС-гі жоғарыдағы Заңда көрсетілген мерзім ішінде, алдын ала рұқсат беру хаттамасында мәлім болған кемшіліктерді, оның ішінде материалдық ресурстарын конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірді, бірақ та еңбек ресурстарына қатысты көрсетілген кемшіліктер, толығымен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілмеген.

2018 жылдың 15 наурызындағы № 2050127 Қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бойынша, Сіздің конкурсқа қатысуға берілген өтініміңіз келесі себептермен конкурсқа қатысудан бас тартылған *«Несоответствие технической спецификации в части обладания трудовыми ресурсами: в том числе, отсутствуют специалист по материалам-1чел, Не соответствует образование по диплому у специалистов Юсупов С.К, Кудайбергенов М.Ф., Унгаров Т.А., Серикбаев Б., Тойгулиев А., Тастанбетов, К.Д., Тажибек Г, Раманкулов Н.М., Еримбетов М, Нурлыбаев А, Касым Г, Исабеков С, Ибрагимов С, Әжибек Б, Байтурсынов О, Байдеуов А.».*

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі қарай - Қағида) 150 тармағының 1-тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші "Банур-1" ЖШС-гі еңбек ресурстарына қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігін растамады.

Сонымен қатар, қорытындылар туралы хаттамасында көрсетілген конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебіне сәйкес, Сіздің берген бағаңыз өзге өнім берушілерідің берген бағасымен салыстырғанда алтыншы орынды алған, яғни ең аз бағада тұрмағандығы анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталынды, алайда аталған құқықтық нормалардың бұзылуы мемлекеттік сатып алу қорытынсына әсер етпейді.

Егер жауаппен келіспеген жағдайда, сіз арызыңызды қарау нәтижесі бойынша қабылданған шешімді, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен жоғарғы тұрған органдарға шағыммен жүгінуге құқылы екенінізді хабарлаймыз.

Департамент
басшысының орынбасары **Б.Бөгембаев**

орын. Б.Торхашов
тел. 279-40-89